

**"Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 наурыздағы № 69 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 сәуірде № 9330 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 11 маусымдағы № 374 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 11.06.2015 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 2) тармағына сәйкес

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Ғылым комитеті (Н.М. Ыбырайым):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жауапты хатшысы Ә.Қ. Ғалымоваға жүктелсін.

4. «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы өткізуге арналған құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 қыркүйектегі № 434 бұйрығының (Нормативтік құқық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7994 тіркелген, 2012 жылғы 17 қарашада № 756-760 (27832) және 2012 жылғы 12 желтоқсанда № 818-823 (27894) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Сәрінжіпов*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң

## **«Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 ақпандағы № 45 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартына сәйкес «Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті (бұдан әрі – Комитет) жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың (бұдан әрі – МФТС) қорытындысы. Ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

### **2. Комитеттің және көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылын) бастау үшін негіздеме қызмет алушының МФТС объектілерін арналған мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан екі данадан өткізуге өтінімін (бұдан әрі – өтінім) алу болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің рәсімдері (іс-қимылдар):

1) Комитеттің қызметкері өтінім түскен кезден бастап он бес минут ішінде оны берілген өтінімдердің тіркеу журналында тіркейді және өтінімді берген күні оны Комитеттен іліспе хатпен қызмет берушіге жолдайды;

2) қызмет беруші кеңсесінің қызметкері өтінім түскен кезден бастан он бес минут ішінде оны кіріс хаттарын тіркеу журналында тіркейді және қызмет берушінің басшысына қарастыруға береді;

3) қызмет берушінің басшысы өтінім түскен кезден бастап екі сағат ішінде өтінімді қызмет беруші басшысының орынбасарына қарастыруға жазады;

4) қызмет беруші басшысының орынбасары өтінім түскен сәттен бастап екі сағат ішінде өтінімді қызмет беруші мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасының басшысына қарастыруға жазады;

5) қызмет беруші мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасының басшысы өтінім түскен сәттен бастап екі сағат ішінде өтінімді орындау үшін қызмет беруші мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасының қызметкеріне береді;

б) қызмет беруші мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасының қызметкері:

өтінім түскен кезден бастап күнтізбелік жиырма тоғыз күн ішінде өтінімді қарайды, оны өңдейді және МФТС объектілерінің электрондық нұсқаулары деректерінің банкіне және МФТС объектілері бойынша деректер қорына енгізеді;

өтінімді МФТС объектілерінің электрондық нұсқаулары деректерінің банкіне және МФТС объектілері бойынша деректер банкіне енгізгеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде сарапшыларды іріктейді және олармен қол қою үшін МФТС жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы шарттар жасайды;

МФТС жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы сарапшылармен шарттар жасалғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде МФТС қорытындысын дайындайды.

МФТС объектілері бойынша МФТС нәтижелері барлық МФТС объектілері бойынша МФТС жүргізілгеннен кейін күнтізбелік үш күн ішінде көрсетілетін қызмет берушінің интернет-ресурсында жарияланады.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімдердің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) қызмет берушіге өтінімдерді беру комитетінің ілеспе хаты;

2) қызмет берушінің кеңсесінде өтінімді тіркеу және оны қызмет берушінің басқарушысына беру;

3) қызмет беруші басшысының резолюциясы;

4) қызмет берушінің басшысы орынбасарының резолюциясы;

5) қызмет беруші мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасы басшысының резолюциясы;

б) МФТС объектілерінің электрондық нұсқаулары деректерінің банкіне және МФТС объектілері бойынша деректер банкіне енгізу;

7) МФТС жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы сарапшылармен шарттар;

8) МФТС қорытындысы және қызмет берушінің интернет-ресурсында МФТС нәтижелері жариялау.

### **3. Комитеттің және көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Комитет және көрсетілетін қызметті берушінің мынадай қызметкерлері қатысады:

- 1) Комитет қызметкері;
- 2) қызмет беруші кеңсесінің қызметкері;
- 3) қызмет берушінің басшысы;
- 4) қызмет беруші басшысының орынбасары;
- 5) қызмет беруші мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасының б а с ш ы с ы ;
- б) қызмет беруші мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасының қ ы з м е т к е р і .

8. Құрылымдық бөлімшелер арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) жүйелілігінің с и п а т т а м а с ы .

1) Комитеттің қызметкері өтінім түскен сәттен бастап он бес минут ішінде оны берілген өтінімдердің тіркеу журналында тіркейді және өтінімді берген күні оны Комитеттен ілеспе хатпен қызмет берушіге жолдайды;

2) қызмет беруші кеңсесінің қызметкері өтінім түскен сәттен бастан он бес минут ішінде оны кірген хаттар тіркеу журналында тіркейді және қызмет берушінің басшысына қарастыруға тапсырады;

3) қызмет берушінің басшысы өтінім түскен сәттен бастап екі сағат ішінде өтінімді қызмет беруші басшысының орынбасарына қарастыруға жазады;

4) қызмет беруші басшысының орынбасары өтінім түскеннен сәттен бастап екі сағат ішінде өтінімді қызмет беруші мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасының басшысына қарастыруға жазады;

5) қызмет беруші мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасының басшысы өтінім түскен сәттен бастап екі сағат уақытында өтінімді орындау үшін қызмет беруші мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасының қ ы з м е т к е р і н е т а п с ы р а д ы ;

б) қызмет беруші мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасының қ ы з м е т к е р і :

өтінім түскен кезден бастап күнтізбелік жиырма тоғыз күн ішінде өтінімді қарайды, оны өңдейді және МФТС объектілерінің электрондық нұсқаулары деректерінің банкіне және МФТС объектілері бойынша деректер қорына енгізеді;

өтінімді МФТС объектілерінің электрондық нұсқаулары деректерінің банкіне және МФТС объектілері бойынша деректер банкіне енгізгеннен кейін күнтізбелік

отыз күн ішінде сарапшыларды іріктейді және олармен қол қою үшін МФТС жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы шарттар жасайды;

МФТС жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы сарапшылармен шарттар жасалғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде МФТС қорытындысын дайындайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Комитеттің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшілерінің (қызметкерлерінің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимыл) бірізділігін сипаттау осы регламентке қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында келтірілген.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 18.06.2014 № 231 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы**


9. Көрсетілетін қызметті беруші өзінің [www.ncste.kz](http://www.ncste.kz) интернет-ресурсында мемлекеттік қызметті көрсету бойынша әрбір кезеңді аяқтау туралы бес жұмыс күні ішінде ақпаратты жариялайды.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурс шеңберінде МФТС объектілері бойынша МФТС нәтижелері, аталған конкурс шеңберіндегі барлық МФТС объектілері бойынша МФТС жүргізілгеннен кейін күнтізбелік үш күн ішінде көрсетілетін қызмет берушінің интернет-ресурсында жарияланады.

«Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 18.06.2014 № 231 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**«Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК